

ШКО ДСБ «Жарма ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ
КМК бас дәрігері
2022 жылғы **«2»** маусымдағы
№ 2 бүйрүгімен бекітілген

ШКО ДСБ «Жарма ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК-н сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саясаты

1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1. Осы ШКО ДСБ «Жарма ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – кимыл саясаты (бұдан әрі – саясат және АА) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - КР) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасына және АА ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.
2. Бұл саясат мыналарды белгілейді:
 - 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер;
 - 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қагидаттары;
 - 3) КР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасының талаптары және оны орындау бойынша міндеттемелер;
 - 4) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралар кешені;
 - 5) осы саясатты сактау үшін жауапкершілік.
3. Осы саясаттың негізгі мақсаты АА-да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, АА және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлықтың жогары стандарттарына бейімділігі, іскерлік беделді нығайту және қоғамның АА-га сенімін арттыру болып табылады.

2. Қолдану саласы

4. Осы Саясат АА барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерімен танысу және мұлтіксіз сактау үшін міндетті болып табылады.
5. Осы Саясат АА (корпоративтік) сайтында орналастырылуы тиіс.

3. Терминдер мен анықтамалар

7. Осы саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:
 - 1) **КР Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасы** – «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы» КР Заны және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша өзге де нормативтік күқықтық актілер;
 - 2) **сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг** - АА сыйбайлас

жемқорлыққа карсы іс-қимыл бойынша қабылдайтын шаралардың тиімділігіне қатысты акпаратты жинау, талдау және бағалау жөніндегі АА қызметі;

3) **сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар** – АА қызметінің оқшауланған саласы үшін белгіленген сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі;

4) **сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау** – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі АА қызметі;

5) **лауазымды тұлға** - АА-мен еңбек қатынастарында тұратын және үйымдастыру-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

6) **мұдделер қактығысы** – лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамаудың әкеп согуы мүмкін;

7) **сыйбайлас жемқорлық** – АА лауазымды тұлғаларының өз лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе дедалдар арқылы жеке озіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында зансыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды парага сатып алу;

8) **сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** - сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), ол үшін Қазакстан Республикасының заңнамасында жауапкершілік белгіленген;

9) **сыйбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

10) **сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – АА өз өкілеттіктері шегінде сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде АА сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою бойынша, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою бойынша қызметі;

11) **сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу** - алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі АА қызметі;

12) **қызметкерлер** – АА-мен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлғалар.

8. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар КР заңнамасында, АА Жарғысы мен өзге ішкі күжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

4. Сыбайлас жемкорлықка қарсы іс-кимыл саласындағы мақсат пен міндеттер

9. АА-дагы сыбайлас жемкорлықка қарсы іс-кимылдың мақсаты атқаратын лауазымына карамастан АА лауазымды адамдары мен қызметкерлерін сыбайлас жемкорлық қызметке тарту тәуекелін барынша азайту болып табылады.

10. Осы Саясат қойылған мақсатка кол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) АА лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінде кез келген сыбайлас жемкорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;

2) АА лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне колданылуы мүмкін КР Сыбайлас жемкорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын корыту және түсіндіру;

3) АА лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің КР Сыбайлас жемкорлыққа қарсы заңнамасының, осы саясаттың қағидалары мен талаптарын білу және сактау, сондай-ак сыбайлас жемкорлықтың алдын алу және болдырмау бойынша барабар рәсімдерді жүзеге асыру міндетін белгілеу;

4) Сыбайлас жемкорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-кимыл жасауга, сыбайлас жемкорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемкорлыққа қарсы шараларды әзірлеуді және енгізуі қамтиды.

5. Сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттары

11. АА-да сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттары:

1) **сыбайлас жемкорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік** - АА өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемкорлықты толық қабылдамау қағидатын үстанады.

Сыбайлас жемкорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидаты АА атынан немесе оның мүддесінде әрекет ететін АА лауазымды адамдары мен қызметкерлері үшін қандай да бір салада қызмет жүргізу практикасына карамастан тікелей немесе жанама, жеке немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемкорлық әрекеттерге қатысуга катан тыым салуды білдіреді;

2) **жұмыскерлердің тартылуы** - АА Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемкорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы өзінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін акпараттандырады және олардың сыбайлас жемкорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын колдайды;

3) **жазаның бұлтартпастығы** – АА өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемкорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда атқаратын лауазымына, жұмыс отіліне және озге де жағдайларға карамастан АА қызметкерлерін жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

4) осы саясаттың заңдылығы мен КР қолданыстағы заңнамасына және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі - АА КР Сыбайлас жемқорлықка қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларына қайши келмейді;

5) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-кимыл жөніндегі рәсімдердің мөлшерлестігі - АА, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін АА қызметінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сәйкес сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту ықтималдығын томендетуге мүмкіндік беретін бакылау рәсімдерін әзірлейді және енгізеді;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі - АА рәсімдерді барынша ашық, айқын, орындауга болатын етіп жасауға тырысады, бұл оларды іске асырудың қарапайымдылығын және манызды нәтиже алуды қамтамасыз етеді. АА қолданыстағы бакылау процедураларының тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді;

7) тиісті сақтық - АА іскерлік/енбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мұдделер кактығысының болмауы түрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

8) мониторинг және бақылау - АА сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйіне мониторинг жүргізеді, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-кимыл бойынша енгізілген процедуралардың сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды;

9) өзара іс-кимыл және үйлестіру - АА сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен өзара іс-кимылды және ынтымактастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл процесінде іс-кимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

6. КР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау бойынша міндеттемелер

12. КР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар/құқық бұзушылықтар мыналар болып табылады (бірақ атап етілгендермен шектелмейді):

1) лауазымды тұлға жасаган сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе ысырап ету, егер осы әрекеттер оның қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса;

2) қылмыстық жолмен алынған акшаны және (немесе) озге де мүлікті лауазымды адам жасаган, егер осы іс-әрекет өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса, жария ету (жылыстату);

3) лауазымды адам жасаган экономикалық контрабанда, егер осы іс-әрекет оның өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса;

- 4) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;
- 5) кәсіпкерлік қызметке зансыз катысу;
- 6) пара алу, пара беру, паракорлыққа дедал болу;
- 7) қызметтік жалғандық;
- 8) қызмет бойынша әрекетсіздік;
- 9) билікті теріс пайдалану, билікті асыра пайдалану немесе онын әрекетсіздігі;
- 10) немікүрайлылық;
- 11) жеке және занды тұлғалардың зансыз материалдық сыйакы беруі;
- 12) лауазымды адамның зансыз материалдық сыйакы алуы;
- 13) бұрын сыйбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмыска кабылдау.

13. АА, оның лауазымды тұлғалары және қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа карсы заннаманың нормаларын, сондай-ақ осы саясаттың қағидалары мен талаптарын сақтауга міндетті.

14. Осы саясатты іске асыру кезінде АА оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке озі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне катысуга тыйым салынатынын, сондай-ақ:

1) пара беруді ұсыну, уәде ету немесе жүзеге асыру, яғни қандай да бір адамды өзінің лауазымдық міндеттерін тиісті түрде орындаудаға итермелесу ниетімен кез келген каржылық немесе өзге де пайда/артықшылық беру немесе беруге уәде беру;

2) параны талап етуге, кабылдауға немесе кабылдауға келісуге, яғни өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындаудағы үшін кез келген каржылық немесе өзге де пайданы/артықшылықты алуға немесе алуға келісуге күкіліс емес;

3) қолданыстағы заннамада көзделгендерден басқа төлемдерді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, мемлекеттік функцияларды орындаудаға үәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға тенестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға белгіленген рәсімдерді желелдеткені немесе женілдеткені үшін сыйлықтар беруге міндетті;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді желелдешу немесе онайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдерді ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға күкіліс;

5) жеке пайда табудың орнына АА-ға жұмыска орналастыруды ұсынуға, уәде етуге немесе ұсынуға (оның ішінде уақытша негізде);

6) үшінші тұлғалардан артық немесе жалған төлемдерді кабылдауға немесе қабылдауға ықпал ету;

7) КР Сыйбайлас жемқорлыққа карсы заннамасының талаптарына және АА ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтарды немесе конакжайлышты белгілерін сыйлауға немесе алуға.

15. АА лауазымды тұлғалары өздерінің кәсіби қызметінде келесі тәртіп

нормаларын катаң сактауы тиіс:

- 1) КР Заннамасының және осы саясаттың талаптарын орындауға міндettі;
- 2) іскерлік катынастарда адал және парасатты болуга, лауазымдық міндettерді жүргізудің кез келген теріс пигылды тәсілдерінен аулак болуга тиіс;
- 3) АА беделін түсіретін іс-әрекеттерді жасауға жол бермеу;
- 4) АА қызметтік жағдайын, құпия және инсайдерлік ақпаратты, материалдық және материалдық емес активтерін жеке максатта пайдаланбауға;
- 5) құқыққа сыйымсыз әрекеттерге не олардың зандылығы мен адептілігіне қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеуге міндettі;
- 6) әріптестерден сыйайлар жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сактауды талап ету және қолдау;
- 7) табыс алумен байланысты кәсіпкерлік қызметті және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыру барысында біреуге көмек көрсетуден бас тартуга құқылы;
- 8) басқа қызметкерлерді сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдемеуге және мүндай әрекеттерді көтермелемеуге;
- 9) мұдделер қактығысы болған кезде лауазымдық міндettерді жүзеге асырмауга міндettі.

16. АА қызметкерлері міндettі:

- 1) АА мұддесі немесе атынан сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) қатысудан аулак болу;
- 2) АА мұддесі немесе оның атынан сыйайлар жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе қатысуға дайындық ретінде айналасындағылар түсіндіруі мүмкін мінез-құлыктан аулак болуға;
- 3) жұмыскерде мұдделер қактығысының туындау мүмкіндігі не туындауы мүмкін екендігі туралы тікелей басшыға хабарлауға міндettі.

Өз іс-әрекеттерінің дұрыстығына қатысты немесе кез келген басқа мінезд-құлық нормалары бойынша күмән туындаған жағдайда АА лауазымды адамдары мен қызметкерлері АА комплаенс офицеріне жүргіне алады.

7. Сыйайлар жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені

16. АА қызметінің кейбір салаларында сыйайлар жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін. Мүндай салаларга жатады, бірақ атап отілгендермен шектелмейді:

- 1) үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру;
- 2) саяси қызметке қатысу;
- 3) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға тенестірлген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға төленетін төлемдер;

- 4) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;
- 5) персоналды баскару.

7.1 Ұшінші тұлғаларды тарту және ұшінші тұлғаларға толемдерді жүзеге асыру

17. АА ұшінші тұлғаларды тартудан және КР Сыбайлар жемқорлыққа карсы заннамасының, осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзатын немесе АА үшін іскерлік беделін жоғалту тәуекелін тудыратын серіктестермен бірлескен кәсіпорындарға катысадан бас тартады.

7.2 Саяси қызметке катысу

18. АА қызметін сактауга немесе кеңейтуге ықпал ететін жария лауазымды тұлғалардың немесе өзге тұлғалардың шешім қабылдауына ықпал ету тікелей немесе жанама мақсатпен саяси қызметке катыспайды, немесе егер осындай катысу осындай ықпал ету әрекеті ретінде қабылданса.

19. АА өз қызметінде артықшылық алу немесе сактау мақсатында саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді каржыландыруды дербес немесе өзінің лауазымды адамдары мен қызметкерлері арқылы жүзеге асырмайды.

20. АА лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері КР қолданыстағы заннамасына сәйкес құрылған қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ мақсаты АА өз қызметінде артықшылық алу немесе сактау болып табылмайтын Халықаралық қоғамдық бірлестіктерге катысуга құқылы.

21. АА лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қоғамдық бірлестіктерге катысу кезінде АА атынан өз қызметінде артықшылық алу немесе сактау мақсатында ұсынуға, беруге, уәде етуге немесе төлем жасауга, мүлік салуга, сыйлықтар беруге және т.б. тыйым салынады.

22. АА лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қоғамдық бірлестіктерге катысқаны үшін Казакстан Республикасының қолданыстағы заннамасына сәйкес дербес жауапты болады.

7.3 Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға үәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға толемдер

23. АА коммерциялық артықшылық алу мақсатында жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға, олардың жақын туыстарына кез келген шығыстарды төлеуді дербес немесе өз қызметкерлері мен лауазымды адамдары арқылы жүзеге асырмайды, оның ішінде көлік, тұру, тамактану, ойын-сауық, PR-кампаниялар және т.б. немесе олардың АА есебінен басқа пайда алу шығындары.

24. АА акпараты мен мөлшері ашық колжетімді мемлекеттік қызметтер үшін ресми алымдарды қоспағанда, формальдылықтарды оңайлатқаны үшін тікелей немесе өз агенттері арқылы сыйакы төлеуді жүзеге асырмайды.

25. АА лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері КР Сыбайлар жемкорлықка карсы заннамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-кимыл кезінде сыбайлар жемкорлық құқық бұзушылықтар үшін дербес жауапты болады.

7.4 Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету

26. АА лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыым салмайды.

7.5 Персоналды басқару

27. АА кадрлық шешімдер кабылдау кезінде объективтілік және адалдық қағидаттарын ұстанады. Персоналды жалдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан шығару кезінде сыбайлар жемкорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, АА:

1) белгіленген тәртіппен персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға қойылатын тиісті біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

2) еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім кабылдау алдында кандидаттардың сенімділігі мен мүдделер қактығысының болмауы тұрғысынан оларды жұмысқа орналастыруға тексеруді жүзеге асырады;

3) өзінің қызметінің түйінді көрсеткіштерінің және кәсіби жетістіктерінің иәтижелілігін негізге ала отырып, персоналдың қызметін бағалауды және сыйакы төлеуді жүргізеді;

4) жұмыскердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігіне қарай жоғары тұрған лауазымға жоғарылату туралы шешім кабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

28. Лауазымды тұлғалар жұмысқа қабылдау немесе АА-мен еңбек қатынастарын жалғастыру кезінде осы Саясатка 1-косымшаға сәйкес сыбайлар жемкорлықка карсы шектеулерді қабылдау туралы келісім нысаны бойынша сыбайлар жемкорлықка карсы шектеулерді қабылдайды.

29. АА лауазымды тұлғаларының сыбайлар жемкорлықка карсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан шығаруға әкеп согады, оларды сақтамау, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаган жағдайда, өкілеттікі тоқтату үшін негіз болып табылады.

8. Мүдделер қактығысын болдырмау және шешу

30. Мұдделер қактығысын басқару сыйбайлас жемқорлықка карсы маңызды тетіктердің бірі болып табылады. АА мұдделер қактығысымен байланысты тәуекелдерді іске асырудың алдын алуға және оларды реттеуге көңіл бөледі.

31. АА лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде АА мұдделерін басшылықта алуға және олардың жеке мұдделері АА мұдделеріне қайши келетін жағдайлардан немесе жағдайлардан аулак болуга міндетті. Мұдделер қактығысы туындаған (немесе оның туындау мүмкіндігі) жағдайда, АА лауазымды адамдары мен қызметкерлері осы ақпаратты жазбаша нысандада тікелей басшысының не жогары тұрған АА басшылығының назарына жеткізуге міндетті.

32. АА директоры лауазымды тұлғалардың және қызметкерлердің етініштері бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде АА мұдделер қактығысын реттеу жөніндегі Ережеге сәйкес тиісті дең қою шараларын уактылы кабылдауға міндетті.

9. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

33. АА жыл сайын сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді, сондай-ақ оларды азайту бойынша шаралар әзірлейді.

34. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың мақсаты АА сыйбайлас жемқорлықка карсы заңнаманы сактамау тәуекелдеріне ұшыраган және АА лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жеке пайда алу мақсатында да, сондай-ақ АА пайда алу мақсатында да сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жогары қызмет түрлерін және бизнес-процесстерін анықтау болып табылады.

35. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау сыйбайлас жемқорлықка карсы мониторинг негізінде жүргізіледі.

36. Сыйбайлас жемқорлықка карсы мониторинг мынадай шараларды қамтиды, бірақ томендеғілермен шектелмейді:

1) АА негізгі ішкі құжаттарының және олардың жобаларының сыйбайлас жемқорлық көріністері (сыйбайлас жемқорлық факторлары) үшін себептер мен жағдайларды жасауға ықпал ететін ережелердің болуы мәніне бекітуге шығарылатын жобаларына комплаенс-сараптама жүргізу және оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) өзінің ішкі құжаттарын сыйбайлас жемқорлықка карсы заңнаманың өзгеретін талаптарына жедел сәйкестендіру мақсатында АА қызметіне ықпал ететін КР Сыйбайлас жемқорлықка карсы заңнамасының мониторингі;

3) АА лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан сыйбайлас жемқорлық көріністері фактілері бойынша жеке және занды тұлғалар етініштерінің статистикасын зерделеу;

4) бұкараталық ақпарат құралдарындағы жарияланымдардың мониторингі.

АА құрылымдық белімшелерінің қызметі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі болып табылады және мыналарды қамтиды:

1) бизнес-процессің «сыни нүктелерін» анықтау, оларды іске асыру кезінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындауы ықтимал;

2) құрамында сыйбайлас жемқорлық схемаларының сипаттамасы:

- АА немесе оның жекелеген лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған кезде алуы мүмкін пайданың немесе артықшылықтың сипаттамасы;

- АА-дагы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін «негізгі» болып табылатын лауазымдар;

- сыйбайлас жемқорлық толемдерін жүзеге асырудың ықтимал нысандары;

3) ішкі бакылау рәсімдерінің болуын немесе болмауын айқындау, колданыстағы бакылау рәсімдерінің тиімділігін бағалау.

37. Кез келген сыйбайлас жемқорлық схемасы үшін тәуекелге төзімділіктің нөлдік деңгейі қабылданы және әрбір жағдайда АА ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту бойынша шаралар әзірлейді.

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау, оларды азайту шараларын әзірлеу тәртібі АА ішкі күжаттарымен реттеледі.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

38. АА сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлейді, оның мақсаты қызметтің оқшауланған саласында сыйбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу болып табылады. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар АА ішкі күжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

39. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу міндеттері:

1) АА жұмыс істейтін тұлғалардың түркіті Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыйбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу.

40. АА-да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, акпараттық және ұйымдастырушылық сипаттагы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

41. АА жұмыскерлерін оқытуды және тестілеуді өткізууді коса алғанда, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы колданылатын заннаманын, осы саясаттың және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы езге де ішкі күжаттардың қагидаттары мен нормаларын акпараттандыру және түсіндіру бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

42. АА барлық қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді қалыптастыруға белсенді қатысуын қолдайды.

11. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарламалар

43. Егер АА-да лауазымды тұлға немесе АА қызметкері жасаган сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алғаны туралы қандай да бір күәлік болса, бұл туралы өзінің тікелей немесе жогары тұрган басшысына және (немесе) АА комплаенс офицеріне және (немесе) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің 1424 нөмірі бойынша дереке хабарлау қажет.

12. Өзара ынтымақтастық

44. АА өзара түсіністік қагидаты негізінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, үшінші тұлғалармен ынтымақтасады:

1) сыйбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы ақпарат беру;

2) сыйбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу кезінде жәрдемдесу жолымен жүзеге асыру;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сакталуы мәселелері бойынша АА қызметіне тексеру жүргізу кезінде үйлестіру және сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-кимыл бойынша бірлескен ішараларды әзірлеу;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелеріне байланысты уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сұрау салулары бойынша түсініктемелер беру/кенестерге (кездесулерге) катысу.

13. Жауапкершілік

45. АА лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін КР заңнамасымен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

46. Сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары колданылған АА лауазымды адамдары мен қызметкерлері КР сотының заңды күшіне енген шешімінен басқа АА материалдық залалын отеуден босатылмайды.

47. Осы Саясат талаптарының орындалуына АА-ның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері және курылымдық белімшелері ез күзыреті шегінде жауапты болады.

48. АА лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы Саясатка 2-қосымшада көзделген нысан бойынша өзінің осы саясатты адал орындау міндеттемесін растауга міндетті.

ШКО ДСБ «Жарма ауданының аудандық ауруханасы» ШЖК КМК сыйбайлас жемкорлыкка карсы іс-кимміл саясатына 1-көсімша

Осы нысанды КР Сыйбайлас жемкорлыкка карсы заңнамасында және ШКО ДСБ «Жарма ауданының аудандық ауруханасы» ШЖК КМК сыйбайлас жемкорлыкка карсы іс-кимміл саясатында көзделген сыйбайлас жемкорлыкка карсы шектеулерді кабылдағаныңды раставу үшін пайдаланыңыз.

ШКО ДСБ «Жарма ауданының аудандық ауруханасы» ШЖК КМК Еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерін орындаған күннен бастап толтырылған және қол койылған раставу нысаны АА лауазымды тұлғаларының жеке ісінде сакталады.

Сыйбайлас жемкорлыкка карсы шектеулерді кабылдау туралы келісім нысаны

Мен, _____,

(Тері, Аты, Ожесінің аты)

(лауазымның көрсету)

КР Сыйбайлас жемкорлыкка карсы заңнамасының, ШКО ДСБ «Жарма ауданының аудандық ауруханасы» ШЖК КМК сыйбайлас жемкорлыкка карсы іс-кимміл саясатының талаптарын сақтау, менің өкілеттігімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мұлделерде пайдалануға алып келуі мүмкін әрекеттерді жасауга жол бермеу мақсатында өзіме мынадай сыйбайлас жемкорлыкка карсы шектеулерді кабылдаймын:

- 1) өз функцияларын орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) лауазымды адамдардың өздерінің жақын туыстарымен (ата-аналары (ата-ана), балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-ана) бір және ата-ана болек ага-інілері мен апа-карындас-сінлілері, атасы, әжесі, немерелері), ерлі-зайыптылар мен жекжаттардың (ага-інілері, апа-карындас-сінлілері, ата-аналары мен балалары) бір бөлімшеде болатын лауазымда болуына жол бермеу (жұбайы (зайыбы) немесе - егер бөлімшелер әртурлі болса-лауазымы функционалдық (бизнес-процестер бойыниша) жақын туыстары аткаратын лауазымдарға байланысты;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын акпаратты пайдалану арқылы жүзеге асырылады;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық өкілеттіктерін аткаруына байланысты сыйлықтар кабылдау.

ШКО ДСБ «Жарма ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК -дагы сыйбайлас жемкорлықка карсы іс-кимыл саясатына 2-косымша

Осы нысанды Сіз КР Сыйбайлас жемкорлыққа карсы заннамасын және ШКО ДСБ «Жарма ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл саясатын адаптацияға және мұлтіксіз сактауга міндеттенетінізді раставу үшін пайдаланыңыз.

АА Еңбек және / немесе лауазымдық міндеттерін орындаған сәттен бастап толтырылған және кол қойылған раставу нысаны АА лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жеке ісінде сакталады.

Раставу

Тиісті үяшықтарды белгілеңіз

- Мен ШКО ДСБ «Жарма ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК -дагы сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл саясатымен оқып танысқанымды раставымын;
- Мен КР Сыйбайлас жемкорлыққа карсы заннамасында, ШКО ДСБ «Жарма ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл саясатында белгіленген талаптарды қатаң сактауга міндеттенемін;
- Мен КР Сыйбайлас жемкорлыққа карсы заннамасын, ШКО ДСБ «Жарма ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК сыйбайлас жемкорлыққа карсы іс-кимыл саясатын бұзған жағдайда, мені жауапкершілікке тартуы, оның ішінде КР заннамасында белгіленген тәртіппен атқаратын лауазымынан босатуы мүмкін екендігі турали хабардармын.

Осы жерге кол қойыныз

Аты-жөні, лауазымы